

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының
60 жас мерейтойына арналған

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)
«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста
Байтанасовой Карлығаш Медетовны

PROCEEDINGS
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)
“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF
KAZAKH LITERATURE”
dedicated to the 60th anniversary of literary scientist, distinguished educator and
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
Қ17

Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

Редакция алқасы: С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

ISBN 978-601-385-179-2

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

ISBN 978-601-385-179-2

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i>	5
---------------------------	---

ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Амангазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлишар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

33. М. Әуезовті тереңдетіп оқыту. – Өскемен: «Обл. МБЖИ», 1996. – 156 бет.
34. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту (11-сынып). – Өскемен: «Обл. МБЖИ», 1997. – 257 бет.
35. Әдебиетті тереңдетіп оқыту әдістемесі // Алматы: «Рауан», 1997. – 288 бет.
36. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту әдістемесі. – Алматы: «Республикалық баспа кабинеті», 1997. – 152 бет.
37. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: «Мектеп», 2003. – 416 бет.
38. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: «Б.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының Республикалық баспа кабинеті», 2003. - 416 бет.
39. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту // Семей «Үш биік», 2008. – 145 бет.
40. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы (5-11 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. 1, 2-кітап). Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2012

ӘОЖ 17.00.01

Кадыров Жанбай Тұрарұлы

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл,
Қазақстан (E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru)

Шапауов Әліби Қабыкенұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: shapau@mail.ru)

Есбатырова Жұлдыз Замировна

Үндістан Республикасы Елшісінің аудармашысы
(E-mail: Zh.esbatyrova@gmail.com)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ӘДЕБИ ТАЛДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде әдеби талдау дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Әдебиеттану ғылымындағы кешенді, жүйелі, семиотикалық, дискурстық, интермәтіндік, нарратологиялық талдау бағыттарының мүмкіндіктері айқындалып, оларды білім беру тәжірибесінде қолданудың тиімді жолдары ұсынылады. Көркем мәтінді «екінші реалдылық» ретінде қабылдау, оның тарихи-әлеуметтік болмыспен байланысын ескере отырып талдау қажеттілігі негізделеді. Сонымен қатар, болашақ филологтың ғылыми ойлау мәдениетін дамыту, білім алушыларды аналитикалық оқуға баулу, әдеби

шығарманың көпқырлылығы мен көпмағыналылығын түсіндіру мәселелері назарға алынады.

***Түйін сөздер:** әдеби талдау, көркем мәтін, аналитикалық оқу, жүйелі талдау, кешенді әдіс, интерпретация.*

Әдебиеттану ғылымы аса күрделі эстетикалық нысан болып табылатын әдеби туындыны түсіну, танудың жолдары мен әдістерін қарастыруын тоқтатқан емес. Сонымен қатар, көркем мәтін магнит сияқты басқа салаларды өзіне тартуын күшейтіп келеді. Структуралық, семиотикалық, герменевтикалық, мәдениеттанушылық, лингвопоэтикалық, әлеуметтік, дискурстық тұрғыдан зерттеулер көбейген.

Филолог – маманның ғылыми білім-білігін, кәсіби құзіреті мен зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру күн тәртібінен түспейтін мәселе болған, бола да береді. Әдебиет теориясы, тілтану негіздері сияқты пәндерден алынған ақпарат пен дағыдының дүниетанымдық қуаты мол, бірақ оларды тиімді игерудің, жүйелі әдіснамалық ақпараты жоқ жерде ғылыми ойдың дамуы баяу жүреді [1, 12 б.]. Филологиялық ілімдер өздерінің даму үдерісінде жұғымды білім жинаған, оған қоса сол мол қазынаны кәдеге жаратудың оңтайлы жолдары – әдістемелер ойлап тапқан. Әрине, ғылыми ойлауды дамытудың жолдары көп. Бірі – ғылыми ойлау тарихынан жақсы хабардар болу, әрбір әдіс-амалдардың жетістік-кемшілігін терең талдай білу. Екіншісі – бұрынғы зерттеу нысандарын жаңа көзқарастарға сәйкес қайта сараптау. Үшіншісі – жаңа идеялар негізінде соны зерттеу нысандарын анықтап, зерделеу. Демек, мәдениетті филолог ғылым тарихын, әдіснамалық негіздерді, зерттеу әдістерін меңгеруі керек екен. Әрбір зерттеу еңбегінің нәтижесінен оның авторының зерттеушілік қарымы мен мәдениеті көрініп тұратыны белгілі.

XX ғасырда филологиялық ғылымдарда кешендік зерттеу әдіснамасы мен жүйелілік қағидаттары кеңінен қолданыла бастады. Аталмыш ғылыми көзқарастар зерттеушілік мәдениетінің деңгейін көтерді, филологиялық ойлауға оң әсер етті.

Ғылыми-зерттеу әдістері көркем мәтінді талдауға, оқып-үйренуге, оның көркемдік-эстетикалық әлуетін тануға бағытталған. Әдеби туындының тарихи ортамен, нақты заманауи болмысымен байланысын зерттейтін бағыттар даму үстінде. Басқа көзқарастарды қуаттағандар көркем әдебиеттің тарихи уақытқа, әлеуметтік жағдайға қарым-қатынасын мансұқтауға тырысты. Алайда әдеби туындының әлеуметтік-тарихи тамырларын табу үшін әрбір болмысқа жүгінуге тура келетіні белгілі болды, өйткені онсыз қисынды эстетикалық құрылымның болмайтынына көптің көзі жеткендей.

Көркем мәтінді жүйелі қарастыру қағидаларын жеке шығарманы зерттеуде қолданудың тиімділігі мол, бұл жағдайда пішіндік тұтастықты қамтамасыз етіп тұрған бөлшектердің өзара үндестігіне, ортақ бір мазмұнды діттеудегі қызметін автордың суреткерлік таланты мен шығармашылық ізденістеріне назар аудару керек.

Жеке мәтін жазушының жалпы шығармашылығының жүйелі құрамына кіретін болғандықтан, алдымен оның осы жүйедегі орнын анықтап алу керек.

Ал жазушы шығармашылығы тұтас жүйе ретінде ұлттың әдеби жүйесінің құрамына енетіндіктен, енді әрі қарай әдеби бағыттар жүйесі, жетекші тенденциялар туралы келелі, жан-жақты ой түюге негіз пайда болады.

Әдеби жүйе деген ұғым көркем әдебиеттің ұлттық мәдениеттің басқа салаларына, оның ішінде дін мен ғылымға, қоғамдық сана мен ауыз әдебиетіне деген қарым-қатынасын да қамтиды. Сонымен бірге, бір ұлттық әдебиетті басқа елдердің мәдениеті мен сөз өнеріне қатысты жүйелер арқылы да зерттеуге болады. Ең бастысы әдебиеттің жүйелілігін зерттеуде оның тарихи болмыспен байланысын жан-жақты анықтап алған дұрыс.

Жоғары оқу орындарының тәжірибесінде теориялық конструкцияларға қатысты ұғым-түсініктердің орнықты нұсқалары таңдалады, ал олардың сәйкес синонимдерін ұсыну жұмысы көп дайындықты қажет етеді. Сауатты зерттеуші ғылыми айналымға енген, құндылығын көпшілік мойындаған категорияларға жүгінеді. Терминдер жүйесі бір-біріне кереғар емес ұғымдардан, сөз өнері мен әдеби шығарма табиғатына ортақ концепциялардан тұрады. Дегенмен, әрбір ұғымның мәнін нақтылау, жаңа функцияларын анықтау үздіксіз жүріп жататын үдеріс. Филологиялық зерттеудің алғашқы дайындығын мәтінтану жүзеге асырады, ол талдау жасайтын сенімді мәтін ұсынады әрі оның тарихы жөнінде дәйекті ақпарат дайындап береді. Олар әдеби туындының идеялық-көркемдік құрылымы, шығармашылық үдеріс туралы зерттеулерге негіз болады. Мәтін өмірі әдеби дамудың заңдылықтарына сәйкес болады. Сондықтан әрбір мәтінтанушы мәтіннің тарихын зерттеуді, онда ізі қалған уақыт сілемдерін, автордың өз идеясын қалай жүзеге асырғаны, типологиялық үдерістерді айқындаудан бастайтыны анық [2, 102 б.]. Осының бәрі – әдебиеттанушының еңбегін байытатын ақпарат көзі.

Әрбір әдеби шығарма – өз дәуірінің ескерткіші. Оған қоса, көркем сананың эволюциясы мәтіннен көрінеді. Автордың өз шығармасының мәтініне деген көзқарасы, өзінің туындысының ойтүрткісі, түптұлғалары туралы пікірлерінің құндылығы жоғары. Аталмыш ақпараттар шығармашылық психологияны зерттеушілер үшін де қымбат.

Көркем мәтінді құрайтын тілдік белгілер жаңа «екінші» реалдылықты қалыптастыруға қатысады [3, 88 б.]. Олар образды түрде қолданылған таңбалар «екінші реалды әлемді» ұйымдастырады-мыс, ал ол «бірінші» реалдылықта мәңгі орын теуіп өмір сүре бермек. Осы екі болмыс арасындағы байланыс күрделі, қарым-қатынас ауқымы өте кең. Зерттеуші үшін басты қағида мынадай: нақты өмір мен көркем мәтіннің өмірін теңеуге болмайды, әрі оларға қойылатын талаптар да бөлек болмақ. ХІХ ғасырда туып, ХХ ғасырдың басына дейін өмір сүрген Абай мен «Абай жолында» бейнеленген Абай образының арасында қарым-қатынас талай айтыстарға негіз болған [4, 215 б.], бүгінде сондай пікірлер кездесіп жүр. Осындай құбылыстарды азайтудың жолы бар. Бірі – көркем мәтіннің оқырман өмір сүріп отырған реалды өмірдің «екінші» реалдықтағы бейнесі екендігін мойындау, бірақ көшірме немесе жалаң суреті емес. Осы қағидаттарды қабылдау арқылы сөз өнерінің ерекшелігі, оның образды структурасы туралы сөз айтуға болар. Олай болмаса, пікірлердің көбі қасаң болып, құндылығы төмендейді. Осы жайт – ғылымда талай мәрте

талданған, көптеген келіспеушіліктер туғызған, бірақ көпшілік қабылдаған ұстаным.

Жазушы өз назарын көбінесе заттық әлемге аударады екен, оны «әлемнің көркем образы» деп атау қолданыста жүр. Аталмыш ұғым автордың бақылау-байқау, талдап-таразылауының, таңдау әрекеттерінің көрінісі мен нәтижесі. Осыған сүйене отырып қаламгер болмыстың ішкі және сыртқы үдерістері туралы өз концепциясын айқындайды екен. Демек, көркем мәтін нақты болмыстан өз керегі мен қажетін сұрыптап, таңдап алуға қабілетті әрі мүдделі. Өткені көркем мәтіннің өз материалын сараптауға, оларды бірегей структураға айналдыруға арналған өз заңдары мен талаптары бар. Демек, өмірдің өз қисыны, ал көркем мәтіннің де өз қисыны бар екенін білген жөн. Сондықтан көркем мәтінді талдаудың түрімен типін таңдағанда осы мәселелерді ескерген де пайдалы. Сонымен қатар, шығарманың өзіндік эстетикалық қасиеттері мен сапасын, әдеби тек пен жанрға тән сипаттармен байланысын, сюжеттік-композициялық бітімінің ерекшеліктерін негізге алған абзал.

Сан алуан өмір құбылыстары, ой мен сезімдер адам баласын толғандырып, белгілі бір модельдік мағыналарға, іс-әрекет регуляторына айналатыны анықталған. Ал қолдан жасалған көркем мәтіндегі жасанды әлемді оқырман кейде нақты өмір көріністері деп қабылдайтыны бар. Сондықтан әдебиет пен өнердегі шарттылық туралы түсінікті тәрбиелеуді мектептен бастау қажет. Ол үшін көркем шығарманы аналитикалық оқуға үйретуді жолға қою керек сияқты. Болашақ маман – филолог оқырман психологиясының құбылыстарымен жан-жақты таныс болып, оқушыларын көркем мәтіндегі ұлттық құндылықтарды, ұлттық бірегейлік көріністерін, этнокодты өзінің тұлғалық өсуі мен адами дамуына оң әсер ететін күш пен қазына екенін дәріптеуге баулығаны дұрыс. Дегенмен, көркем мәтінді талдау мақсаты – нысанның көмегімен өмір жайлы абсолют білім алу емес. Өзіндік «менін» жеке өмірінің оқиғалары арқылы әдеби туындыдағы тәжірибе және ізденістермен байланыстыруды меңгерген пайдалы.

Сондықтан талдау нәтижесі мынадай болғаны құнды: әрбір рецептор көркем мәтіннің жеке элементтерінің ғана емес, жалпы мәтіннің мағыналары жайында өзінің «персоналданған» мағынасын қалыптастыруы керек. Әрине, талдау мен интерпретацияның негіздерін үйрететін арнаулы пәндердің оқытылғаны тиімді болмақ. Олардың бағыты оқушыларды әдеби туындының көпқырлылығын, көпмағыналылығын, астарлылығының себеп-салдарын таныту болсын. Тілдік бірліктердің қолданылу саясатын, олардың көркемдік, мәтіндік, қызметін, шығарма элементтерінің сыртқы және ішкі байланыстарын анықтау әдістері қамтылсын. Мәтін структурасын зерттеу мазмұндық сипатқа байланысты жүргізілсін, талдау нәтижелерінің мазмұнды болғаны лазым. Жалпы, мәтінді ерекше эстетикалық реалдылық деп қабылдаған нәтижелі болмақ. Авторлық мақсаттың, мүдденің, ниеттің, ұстанымның, көзқарастың, сенімнің, сезімнің көркем мәтіндегі көрінісін айқындау жұмысы іске асырылсын. Әдеби талдау мен талқылаудың амал-тәсілдері, әдістерінің қолданылу аясы, реті, қисыны анықталсын. Көркем мәтінді зерттеудің әдістемесін анықтаудың жолдарын меңгеру қажет.

Ғылыми ойлау стильдерінің модернизациясы жаңа әдіс-амалдар табу арқылы жүреді. XX ғасырда кеңінен қолданылған кешендік талдау мен жүйелі талдаудың әлі де қажеттілігі даусыз. Соңғы кезде жедел дамып келе жатқан кластерлік талдаудың әлеуеті жоғары [5, 56 б.]. Сонымен қатар, семиозетикалық, дискурстық, интермәтіндік, нарратологиялық талдау түрлерінің мүмкіншілігі мен қызметін де оқып-үйрену аса пайдалы. Орта мектепте әдеби шығарма талдаудың дәстүрлі амалдарымен қатар кешенді әдісті де қолдануға болар. Оның үлгі-жоспарының сұлбасы ретінде мынадай әдістемелік амалдар ұсынылады: 1) зейін қойып оқыту арқылы мәтіннің тұтас идеялық-тақырыптық мазмұнын аңдату; 2) сюжет пен композиция арасындағы өзара байланысты бақылау; 3) персонаждар жүйесін түгендеу, әрқайсысының мәтіндегі қызметі мен орнына мінездеме беру; 4) автордың мәтіннің идеясына, тақырыбына, кейіпкеріне деген ынтасы мен ықыласының көріністерін анықтау; 5) тілдік-көркемдік қолданыстардың мағына тудыру мен мағына үстеушілік қызметінің мысалдарын түгендеу; 6) әдеби шығарманың жанры мен стилінің ерекшеліктеріне назар аудару. Осы сұлбаның талаптарына сәйкес оқушыларды талдау-есеп беруді рәсімдеуге үйретуге болады, оның мақсаты мынадай болмақ: 1) өзіндік эмоциялық-бағалаушылық тұрғысын, мәтінге деген жалпы көзқарасын жазып беру; 2) персонаждар мен характерлерге, олардың іс-әрекеттеріне дәйекті, дәлелді түрде өзіндік баға беру; 3) өз тұжырымдары мен қорытындыларын мәтіннен алынған мысалдармен бекіту.

Ал білім алушылар көркем мәтін туралы тарихи-биографиялық түсініктеме беруге дағдылансын. Ол үшін әдеби шығарманың авторы, жазылу тарихы, замандастарының пікірі, сыншылардың бағасы, заманауи контекстегі өмірі мен бағасы сияқты ақпараттарды игеру қажет. Әрине, көркем мәтіннің объект екендігін, оның зат ретінде қабылданатынын, бірақ субъектіге тәуелді екендігін ұмытпаған абзал. Сонымен қатар, бұл әдеби материал өте белсенді, үнемі қызмет етеді әрі қабылдаушы сананы дамытуға қауқарлы. Сонымен әдеби талдау дегеніміз – көркем мәтінге ену, және көркем әлемді өзіңнің ішкі әлеміне қабылдау. Демек, әдеби шығарманың идеялық-эмоциялық мазмұнын дұрыс түсінудің ықпалы үлкен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
2. Хализев В.Е. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 2002. – 437 с.
3. Лотман Ю.М. Структура художественного текста. – М.: Искусство, 1970. – 384 с.
4. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.18. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 448 б.
5. Есембаева Т. Әдебиеттану методологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 164 б.